**Орталық атқарушы органдарды Астана қаласындағы Министрліктер үйіне орналастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 4 желтоқсан N 1857

Орталық атқарушы органдарды Астана қаласындағы Министрліктер үйіне оңтайлы орналастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары Астана қаласындағы Министрліктер үйіне орналастырылсын.

2. Тізбеде көрсетілген орталық мемлекеттік органдардың басшылары

бөлінген алаңдарды ескере отырып өздері басқаратын органдарды орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау және оны іске асыру жөнінде қажетті одан арғы шараларды үйлестіру Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 4 желтоқсандағы
N 1857 қаулысына қосымша

Астана қаласындағы Министрліктер үйіне орналастыруға
жататын орталық атқарушы органдардың
тізбесі

| N | Орталық атқарушы органның атауы | Жұмыс орындары алаңы, м2 |
|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі | 6185 |
| 2. | Қазақстан Республикасының | 2770 |

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік кіріс министрлігі | |
| 3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі | 870 |
| 4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі | 475 |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК